

## 2012 жылы шақыру учаскесінде тіркеуге алуды өткізу туралы

Қарағанды облысы Теміртау қаласы әкімінің 2011 жылғы 7 қарашадағы N 5 шешімі.  
Қарағанды облысы Теміртау қаласы Әділет басқармасында 2011 жылғы 6 желтоқсанда N 8-3-127 тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 33-бабына, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Заңының 17-бабының 3-тармағына сәйкес Теміртау қаласының әкімі **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. 2012 жылы қаңтардан наурызға дейін "Қарағанды облысы Теміртау қаласының қорғаныс істері жөніндегі басқармасы" мемлекеттік мекемесінің шақыру учаскесіне 1995 жыл туған еркек жынысты азаматтарды тіркеуге алу заңда белгіленген тәртіпте ө т к і з і л с і н .

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Теміртау қаласы әкімінің орынбасары Юрий Викторович Жулинге жүктелсін.

3. Осы шешім оны алғаш ресми жариялағаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Н. Сұлтанов*

КЕЛІСІЛДІ

"Қарағанды облысы Теміртау қаласының  
қорғаныс істері жөніндегі басқармасы"  
мемлекеттік мекемесінің бастығы  
----- М. Бекболатов

07.11.2011 жыл